# АСЫЛ АЗАМАТ ЕДІ

Өмірде риза болған кісісіне адамдар бақытты бол деп жатады. Алайда сол бақыттың не екенін, қайдан, қалай келетініне мән беріп жатпайды. Сондықтан болар әркім бақыт дегенді өзінше түсініп, өзінше бағалайды. Адамзат ойшылдары мәңгілік ештеңе болмайтынын біліп, бата бергенде бақытты күндерің көп болсын деп түзету айтқан. Мен үшін бақытты шақтарым ағамдай қамқор болған Сатыбалдин Мағауия Медетбекұлымен бірге жүріп қызмет еткен, аралас-құралас сыйласқан күндерім екен. Сөйткен Мақаңнан көз жазып қалғанымызға да жыл толып қалыпты.

Ол кісімен 1973 жылы жазда, Ақадыр ауданы құрылған кезде Кәрім Мыңбаев атындағы совхозда бас экономист болып істеп жүрген кезімде таныстым. Отыздан жаңа ғана асқан келісті азамат аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас инженері екен. Бетпақ дала тәжірибе стансасы деген атағымыз бар болатын, шаруашылығымызбен таныса келіпті. Біздің үйден дәм татты. Сөзі орнықты, қимылы маңғаз жанның адамды өзіне тартып тұратын қасиеті бар екен.

Сол жылы күзде қызметім өсіп, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайландым. Ағадырға көшіп келген соң тіпті жақын араласа бастадық. Махаң көп инженерлердің бірі болып қалмай «Ақшатау» совхозында істеп жүрген кезінде қыз балаларды техника тілін білуге оқытып, комсомол жастар бригадасын құрады. Оларды өз қамқорлығына алып өнімді жұмыс істетеді. Ұзамай механизатор қыздардың атағы ауданнан асып, облысқа жетеді. Қазақ, орыс газеттері ерлік еңбектерін жарыса жазды. Жасыратыны жоқ елге улгі болған игілікті іс аудандық комсомол ұйымының беделін көтерді. Совхоз жастарының мақтанышына айналды. Жаңалыққа жаны құмар Махаң қой совхоздарында көп болатын ауыр қол еңбегін механикаландыруды қолға алады. Соның бірі қи оятын агрегат құрастырғаны еді.

Ауылшарушылығы басқармасында бас маман болып жүргенінде совхоздарда жемазық цехтарын салғыза бастайды. Мұның пайдасын көрген ауыл азаматтары цехтарды әр бөлімшеде іске қосады. Цехтардың әсері ірі қара өсіретін, сүт өндіретін совхоздарда бірден көрінді. Сүт сауу, мал бордақылау процесстері жаңа технологиямен, ғылыми негізде жүретін болды. Оны өзім 1979-1980 жылдары «Өспен» тауарлы-сүт совхозында партком секретары болып істеген кездерімде көзім көрді. Туралып, буға піскен, витаминдермен байытылған жем жеген жануарлар сүтті бұлақтай ағызатын. Оған жүгері сүрлемі қосылғанда иісі мұрын жаратын, мал тұрсын адамның төбеті ашылатын.

Мағауия Медетбекұлын 1977 жылы Кәрім Мыңбаев атындағы қой және жылқы совхозына директор етіп тағайындайды. Бұл шаруашылық елден жырақта орналасқан, жолы қиын, көлемі үлкен, адамы аз совхоз болатын. Жас директор барысымен кадрлармен тіл табысып жұмысқа елді жұмылдыра білді. Аз жылда саны азайып кеткен жылқы түлігінің басын қалпына келтірді, мал тұқымын асылдандырумен шұғылданып жүрген ғалымдармен бірлесе жұмыс істеп жылқының Сарыарқаның қатал табиғатына бейімделген «Мұғалжар» асыл тұқымын шығарды. Мұның алдында



қазақтың жабы тұқымына тым мән беріліп Якутиядан әкелінген айғырлармен жергілікті биелерден үйір құрды. Бұдан жылқылар ұсақталып кеткен болатын. Қой шаруашылығында еділбай тұқымын өсіруге біржола бетбұрыс жасалып, асыл тұқымды қошқарлар сыртқа сатылды. Осындай еңбектердің нәтижесінде совхоз аз жылда алдыңғы қатарлы шаруашылыққа айналды. Оның тәжірибесі кеңінен насихатталып совхоз базасында облыстық семинар-кеңестер өткізілетін болды. Ірі шаралар өтетін жерде мәдени - әлеуметтік саланың ошақтары да жаңғыртылатыны белгілі. Махаң басқарған 12 жыл совхоз үшін жұлдызды шақтары болды Мәдениет үйі бой көтерді, жаңа орталық салынды, Кәрім Мыңбаевтың ескерткіші орнатылды, жолдар жөнделіп, жаңа үйлер қатар түзді.

Мағауия ағам 1989 жылдан 1997 жылға дейін Ақадыр ауданы әкімінің орынбасары, ауылшаруашылығы бірлестігінің бастығы қызметінде істеп аудан орталығында тұрды. Мен ауылшаруашылығы қызметкерлері кәсіподағының аудандық комитетінің төрағасы болып сайланып бір ғимаратта істейтін болдық. Илейтініміз бір терінің пұшпағы бұрынғы көңіл жақындық енді айнымас дос, берік бауырластыққа ұласты. Бірге жүреміз, сырласамыз. Ағалық ақылын айтады. Ол кісінің бір қасиеті адамды мұқият тыңдап, әр сөзге, іс-қимылға мән беріп қорытынды шығарып отыратын Онысы жене дәл келетін.

Кейбір басшылардың қабілеті жақсы бірақ тәрбиесі нашар деп отыратын. Тәуелсіздік алған соң балаларымызды шет елде оқыта бастадық. Жасыратыны жоқ оны мақтаныш көрдік. Әр істің артын байқағыш Махаң «әй жігіттер, қыздарыңды сыртқа жіберуге тым әуестенбеңдер, олардың жолы жіңішке, сол жақта қалып қоюы мүмкін» дейтін. Айтқанындай біраз қыздарымыз басқа ұлтқа тиіп кетті, тіпті шет елде қалып қойғандары болды. Бармақ тістегеннен не пайда, ағамыздың сөз дәл келді.

1942 жылдың кузінде дуниеге келген Махаң 1992 жылы елуге толды Тойын мен басқардым. Содан алпыс, жетпіс, сексенге келген юбилейлерінде бірге өткіздік.

1997 жылы екі аудан қосылған соң Шетке ауысып келіп аз уақыт ауылшаруашылығы бөлімін басқарды, кейін сала министрлігінің аудандық-аумақтық басқармасының он жылға жуық басшысы болды.

Іскер ағамыз отырған офисін жөндеп бірден тәртіпке келтірді, басқарма жұмысын жандандырып жіберді.

2007 жылы Красная поляна ауыл округі бойынша аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланады. Танымайтын жерден қалай дауыс алғанын, елді қалай өзіне қарай иліктіргенін айтқанда бәріміздің таңғалғанымыз бар. Ағамызға балама болып түскен, сол өңірде біраз жыл істеген белгілі азаматтан жеңісті тартып алған ғой.

Бірінші ұйымдастыру сессиясында мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағалығына сайланады. Мұнда да тайталаста озып шығады.

Тексеру комиссиясының бір мүшесі, яғни ревизоры менмін. Сенгендігі болар мені ең қиын, адамдар арыз жазып жатқан жерлерді тексеруге жіберетін. Соның арқасында мектеп бухгалтерлері қазіргідей милллиондап жей алмайтын. Ал ішіп-жеп қойғандарына қолма-қол төлететінбіз. Тіпті үйін сатып құтылғандар болды. Бірақ ешкімді соттатқан жоқпыз.

Өкінішке орай 2012 жылдың басында мәслихаттардағы дербес ревкомиссияларды жоғары билік таратып жіберді. Коррупциямен немесе ұйымдасқан жемқорлықпен күресті күшейту туралы кунде жарлық шығарғанымен балық басынан шіриді дегендей сол заңдарын өздері орындамайтын. Ар-ұяттан таза безгендер миллиардтап жеп, шетелге байлығын тасып мүлде асып кетті емес пе? «Мыңдап жегенді ұры дейді, миллиондап жегенді ірі дейді» деген мақал да шықты. Аяғы 2022 жылы қанды қаңтарға әкелген жоқ па?

Сөйтсек біреулерге ревизорлар-тексерушілердің көзі құрығаны қажет екен!

Зейнет жасындағы Махаң қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. «Нұр Отан» партиясының бақылау бекеттерін басқарды, денсаулық сақтау жүйесінің қызметін қадағалады. Адамдардың заңды құқығын қорғауға атсалысып қоғамдық медиатор болды, дау-дамайларды сотқа жібермей шешуде бітімгершілік жасады.

Бауырмалдығы сондай өзі отыз жыл бұрын істеп кеткен К.Мыңбаев ауылының әр азаматын ұмытпай қуаныштарына ортақтасып жүретін. 2023 жылы өзі қатты науқастанып жүрсе де сол ауылдың 60 жылдығын тойлауға қатысты.

Елімен, жерімен қоштасқандай болып толғанып сөз сөйледі.

81 жастан 4 ай асып қайтыс болған ағамыз мәнді де мағыналы өмір кешті. Ортасына сыйлы, халқына қадірлі болды. Бірнеше үкіметтік наградалармен марапатталды, ауыл шаруашылығы саласының құрметті ардагері төс белгісін алды. Алайда оның алған ең үлкен сыйы Шет ауданының «Құрметті азаматы» атағы еді. Арамыздан өзі кетсе де арты жақсы. Жеңгеміз Рысжан екеуі дүниеге әкелген төрт баласынан немере-шөбере сүйді. Ағамды сағынышпен еске ала отырып, осы естелігімді аяқтаймын.

Жаны жәннәтта болсын!

**Ертай ЖАНЫБЕКОВ,**
**зейнеткер,**
**Шет ауданы қоғамдық кеңесінің төрағасы.**